# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№179 (20653)

23 қараша, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz


ПРЕЗИДЕНТ




## ОРГАН ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУДІ ТАПСЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады.

Мемлекет басшысына Қазақстандағы криминогендік жағдай туралы баяндалды. Ержан Сәденовтің айтуынша, елімізде жасалатын қылмыстар санының төмендеу динамикасы сақталып отыр. Кісі өлтіру 20 пайызға, ұрлық 28 пайызға, қарақшылық 32 пайызға азайған. Тонау, бұзақылық, мал ұрлығы, денсаулыққа ауыр зиян келтіру фактілері, сондай-ақ басқа да қылмыс түрлері төмендеген.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа құқықбұзушылыққа мүлде төзбеушілік қағидатын қалыптастыру, заңға қайшы әрекеттер мен қылмыс жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығын іске асыру, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары туралы мәлімет берілді.

Бүгінде 8 миллион 500 мың заңға қайшы әрекет анықталған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1 миллионға көп. Жасалған құқықбұзушылықтар үшін 90 миллиард теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды, 71 миллиард теңге өндіріп алынды.

Сонымен қатар Президентке ішкі істер органдарының жұмысын жетілдіру, соның ішінде ІІО қызметкерлерін аттестациядан өткізіп, ведомствоны лайықсыз мамандардан тазарту шаралары туралы баяндалды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң және Тәртіп» қағидатын қамтамасыз ету жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді. Мемлекет басшысы қоғамда әділдік пен тәртіп орнату үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік жүктелгенін айтты.

## ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлыбританияның бизнес және сауда істері жөніндегі мемлекеттік министрі Нусрат Ганиге ілтипат білдіре отырып, Ұлыбритания Қазақстанның негізгі сауда серіктесінің бірі және ел экономикасына инвестиция салу көрсеткіші бойынша жетінші инвестор екенін атап өтті.

Бүгінде Қазақстанда 550-ден астам британдық кәсіпорын жұмыс істеп жатыр, олардың арасында Shell және Ernst & Young сияқты жетекші компаниялар бар.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы тауар айналымы былтыр 60 пайызға артып, 1,8 миллиард долларды құрады.

– Біз Лондонмен сауда және инвестиция салаларындағы байланыстарымызды кеңейтуге мүдделіміз. Британдық тараптың да Қазақстанмен жан-жақты ынтымақтастықты дамытуға ниет танытып отырғанын ерекше атап өткім келеді, – деді Президент.

Өз кезегінде Нусрат Гани құрмет көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа және Қазақстан халқына ризашылығын білдіріп, Ұлыбритания тарапы екіжақты байланыстарды дамытуға баса мән беретінін атап өтті.

## 20 КҮН ЖҰМЫС, 11 КҮН ДЕМАЛЫС

Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы заңда 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні болып белгіленген. Егер мемлекеттік немесе ұлттық мереке демалыс күніне (сенбі, жексенбі) келсе, демалыс күндері бір күнге ұзартылады.

Сонымен желтоқсан айында аптасына бес күн жұмыс істейтіндер 16, 17, 18 желтоқсан күндері, алты күн жұмыс істейтіндер – 16 және 17 желтоқсан күндері демалады.

Айта кетейік, 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні ретінде мерекелер тізбегінде қалды. Бірақ бұл күні демалыс берілмейді.

2023 жылдың соңғы сенбі-жексенбісі 30 және 31 желтоқсанға сәйкес келеді. Жаңа 2024 жылға арналған ресми демалыс күндері – 1, 2 қаңтар. Демек, аптасына 5 күн жұмыс істейтін қазақстандықтар 4 күн қатарынан демалысқа шыға алады.

# БЕРЕКЕ БАСЫ – БАҚУАТТЫ АУЫЛДА

Алаштың анасы атанған өңірде бүгінгі күні көңіл қуантар көптеген жарқын істер жүзеге асып, қоғамда бірлік пен береке бастауы болатын адамдардың тұрмыс жағдайларына қолайлы орта қалыптастыру қарқынды жүруде.



Коллаж Қ.Оразбаевтікі

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысында болған іссапарында аймақтың даму жағдайына жоғары баға беріп, барлық сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға өзінің ризашылығын білдіріп, осындай игі істерді әрдайым қолдайтынын жеткізді.

Іссапар барысында Н.Ілиясов атындағы ауылда болып, еңбеккерлермен кездесуі Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы, ауылдарды дамытуға аса мән беруі және Үкіметке берген тапсырмасы деп қабылдадық.

Елімізде ауылшаруашылық еңбеккерлерінің мәртебесін көтеру, ауылдардың тұрмыстық-әлеуметтік мәселелерін шешу, өнім өндіруді, терең өңдеуді, логистикалық сұрақтарды мемлекеттік қолдаулар арқылы шешу секілді күрделі мәселелер үздіксіз жүргізілуде.

Жалағаш ауданы Таң ауылында ауыл шаруашылығын дамытып, жаңадан жұмыс орындарын ашып, жаңа технологиялар мен техникаларды егін шаруашылығында кеңінен қолданып, жер-су ресурстарын ұтымды пайдаланып, мол өнім жинауға қол жеткізіп, салық базасын нығайтуы және ауылдың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешудегі жетістіктерін, берекенің көзі еңбек пен бірлікте деген қағиданы жүзеге асырушы, атымтай жомарт азамат «Таң LTD» ЖШС басшысы Имамзада Шағыртаевтың «Қазақстанның Еңбек Ері» атағымен марапатталуы облыстың бүкіл ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне берілген баға деп қабылдаймыз.

«Білікті басшы – елдің бір бағы» демекші кейінгі жылдардағы аймақ өмірінде орын алып отырған игі істер облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының жоғары ұйымдастырушылық, іскерлік, біліктілік, талапшылдық, уақытпен санаспай тынымсыз еңбектерінің нәтижесі екендігі айқын.

Саяси партиялар, түрлі қоғамдық, азаматтық қауымдастықтар, ұйымдар облыстың қоғамдық-саяси жұмыстарына белсенді араласып, қоғамда тұрақтылықты қалыптастыруда өз үлестерін қосуда.

Бүгінгі күнгі әлемде қалыптасып отырған күрделі геосаяси жағдайда еліміздің ішкі тұрақтылығы аса маңызды мәселе екендігін қоғамның көзі ашық мүшелері терең сезінеді және қоғамды соған жұмыс жасауға жұмылдыруда.

Қазақстан секілді территориясы үлкен мемлекет үшін әрбір ауылдық елді мекендерді сақтау, дамыту және халық санын арттыру, стратегиялық маңызы өте зор өзекті мәселе болып табылатыны сөзсіз. Әрине, бұндай жағдай жалаң сөздермен, шақырулармен болмайтындығы белгілі. Ауылда жұмыс орындарының болуы, заманауи мектеп, дәрігерлік емхана, клуб, инфрақұрылымдар (газ, жол, интернет т.б.), балабақшалардың болуы негізгі алғышарттар екенін жақсы түсінеміз.

2-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## ТАПСЫРМА және ТӘРТІПТІК ШАРА

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында теміржол саласын дамыту, мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту мәселелері қаралды.

**Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»**

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, жиында айтылған мәселелерге толығырақ тоқталды.

– Облыс аумағында «Қазақстан Темір Жолы» ҰК акционерлік қоғамына қарасты 8 теміржол вокзалы және 2 қызмет көрсету пункті бар. 6 вокзал ғимараты жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енген. Сексеуіл, Арал теңізі, Қазалы, Жосалы, Қызылорда, Шиелі вокзалдары 1904 жылы салынған. Бүгінде Қызылорда қаласындағы вокзал ғимараттарына және оның іргелес аумағына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жобаның жалпы құны 577 млн теңгені құрайды. Оған «Қазақстан Темір Жолы» компаниясынан 322 млн теңге және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен 255 млн теңге қаржы бөлінді. Күрделі жөндеу қараша айының соңында толық аяқталуы тиіс. Жұмыстардың сапалы әрі уақытылы бітуі қатаң бақылауға алынуы қажет. Жолаушылар үшін вокзалдың сыртқы келбетінің көркейгені ғана емес, қызмет көрсету сапасының да жоғары болғаны маңызды. Вокзал – қаланың қақпасы, сондықтан келушілерге әдемі әсер сыйлауы керек, – деді аймақ басшысы.

2-бет

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

## АВТОБУС АЯЛДАМАҒА ҒАНА ТОҚТАЙДЫ

Қызылорда қаласында қоғамдық көлік мәселесі шешілді. Осы кезге дейін әбден сынға түсіп келген түйткіл облыс әкімінің табандылығы арқасында тарқатылды.

Өткен жылдың қараша айында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тікелей қолдауымен серіктестікке «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы жаңадан лизингке 150 автобус алынды. Осылайша, 2013 жылдан бері жолаушылар тасымалын жақсарту мақсатында құрылған «Қызылорда автобус паркі» ЖШС жүйелі жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Серіктестік жұмысын БАҚ өкілдері аралап көрді.

– Ертеңнен бастап, халық игілігі үшін 23 бағыт іске қосылады. Қазіргі таңда, қалаішілік жолаушылар тасымалын күнделікті 150 автобус жүзеге асыруда. Қоғамдық көліктердің бағыттардағы қатынау интервалы 12-15 минутты құрайды. Серіктестік теліміндегі бұрын қолданыста болған үлкен сыйымдылықтағы көліктердің 40 данасы күрделі жөндеу жұмыстарынан кейін қосымша бағыттарға қосылуда. Жүйені цифрландыру, халықтың қоғамдық қатынас мәдениетін арттыру мәселелері күн тәртібінде тұр. Ескеретін жайт, енді автобустар аялдамаға ғана тоқтайды. Тұрғындар осыны ескеріп, тәртіпке иліккені абзал, – дейді қала әкімінің орынбасары Дінмұхамед Исламов.



**«СБ» ақпарат**

БІЛІМ

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ



Фото: Ашық дереккөзден

Бүгінде қоғамның алға қарай қарыштап дамуындағы, өркениет көшіне ұмтылысындағы, білім саласындағы заманауи кеңістікті жасанды интеллект, цифрландыру деген ұғымдарсыз елестете алмаймыз. Бұл жай ғана қазіргі заманғы сәнге айналған сөздер емес, біздің өміріміздің бір бөлшегіне айналды. Алысқа бармай-ақ, қолымыздағы смартфонның дыбыстық көмекші құрылғылары, стриминг платформасындағы ұсыным жүйесі, қызмет көрсетудің автоматтандырылған чат-боттары, тіпті медицина саласындағы, мәселен, талдау ісін жеңілдеткен медициналық өнертабыстарды айтсақ болады.

Мұны кең ауқымды және жүйелі түрде 7 топқа бөліп қарастырып көрейік. Біріншіден, автокөліктердің өзін-өзі басқаруы: Жасанды интеллект технологиялары – автомобильдерді өңдеу ісінде, әсіресе болашақтың көлігі деген ұғыммен қатар айтылатын автопилоттар.

Екіншіден, қаржылық сараптама: қор нарығында және қаржы институттарының шешім қабылдауында болжамдар жасау үшін машиналық ойлаудың алгоритмдері кеңінен қолданылады.

Үшіншіден, медициналық диагностика: жасанды интеллект жүйесі медициналық мәліметтерге талдау жасау және ауруды бастапқы кезеңдерде анықтау үшін кең қолданысқа ие.

Төртіншіден, ғылыми зерттеулер: жасанды интеллект заңдылығын сақтай отырып, ғылыми зерттеулерді кең көлемді талдау процесін жеделдетіп отыр.

Бесіншіден, өндірістегі автоматизация: жасанды интеллектке негізделген роботтар мен автоматтандырылған жүйе өндірістің өнімділігі мен нақтылығын арттыру үшін кеңінен қолданылады.

Алтыншыдан, тілдік аудармашылар: жасанды интеллектке негізделген машиналық аудару жүйесі әртүрлі тілде сөйлейтін адамдар арасындағы коммуникацияны жеңілдетіп келеді.

Жетіншіден, жасанды банк терминалдарында кеңінен қолданысқа ие. Мәселен, төлемдерді автоматты төлеу: бұл алаяқтық операцияларды оңай анықтауға көмектеседі әрі банк транзакциясындағы қауіпсіздік жүйесін жақсартады. Сондай-ақ клиенттердің іс-әрекетін алдын ала болжау да қазір автоматтандырылған. Машиналық оқыту алгоритмдері клиенттің қажеттілігіне алдын ала болжам жасайды және оған жеке қызмет көрсете алады. Банк саласында виртуалды көмекшілер де тұтынушыларға қызмет көрсетіп, сұрақтарына жауап береді, банк қызметі жөніндегі ақпараттарды ұсына алады. Бұл үшін жасанды интеллект қызметіне негізделген чат-боттар пайдаланылады. Жедел кредит қызметі де осы жасанды интеллект арқылы жүзеге асырылып отыр. Олар клиенттің төлем қабілетін, қаржылық іс-әрекетін дәл бағалай алады. Мұндай технологиялар банк операцияларының ауқымын кеңейтіп қана отырған жоқ, тұтынушылар үшін сенімді әрі ыңғайлы қызметті қамтамасыз етті.

Бұл топтастырылған мысалдарды негізге алып, біз жасанды интеллект пен цифрландыру актуалды емес немесе оның артықшылығынан кемшілігі көп деп айта алмаймыз. Тіпті бұл жинақталған жеті пункт оқу-ағарту, білім беру ісінде цифрландырудың қаншалықты маңызды екенін көрсетіп отыр.

3-бет



# ТАПСЫРМА және ТӘРТІПТІК ШАРА

Мұнан бөлек, жиналыста жергілікті мемлекеттік органдар көрсететін қызмет сапасын арттыру және оған бақылауды күшейту тапсырылды. Облыста жергілікті атқарушы органдар 280 мемлекеттік қызмет көрсетеді, мұндай мекемелер саны 1499-ды құрайды. Биылғы 10 айда 4,4 млн қызмет көрсетілген. Мемлекеттік қызмет сапасын бақылау іс-шараларының қорытындысы бойынша 10 айда 129 объектіде 419 заң бұзушылық анықталған. Оның басым бөлігі құрылыс, сәулет, қала құрылысы, жер қатынастары және білім салаларында анықталған. Ал аудандар бойынша заң бұзушылық фактісінің 105-і Жаңақорғанда, 74-і Шиеліде, 60-ы Сырдарияда, 46-сы Аралда нақтыланған. Облыс әкімі анықталған кемшіліктерді атап өтіп, мемлекеттік қызметтерді кедергісіз, сапалы көрсету үшін жауапты мамандардың компьютерлік техникаларын жаңарту керектігін ескертті.

Күн тәртібіндегі мәселелерден бөлек, Нұрлыбек Машбекұлы таяу күндері соққан қатты дауыл зардабын тез арада жоюды тапсырды. Алдағы уақытта сапасыз салынған ғимараттарды қалпына келтіруге қаражат бөлінбейтінін ескертті. Аймақ басшысы барлық басқармалардың жүзеге асыратын жобаларына талдау жасап, әрқайсына жеке-жеке тоқталды. Құрылыс барысында оның сапасына, қаржы игеруіне, жұмысты уақытылы аяқтауына баса мән беру қажеттігін қаперге салды.

Жиналыста сондай-ақ, күн тәртібінен тыс орындаушылық тәртіп мәселесі де қаралды.

Облыс әкімінің аппарат басшысы Шахмардан Байманов баяндағандай, бұған дейінгі мәжілістерде берілген тапсырмалар арнайы ақпараттық жүйеге енгізіліп, күнделікті мониторинг жүргізілуде. Мониторинг нәтижесіне қарағанда, тапсырмалардың 784-і, яғни 54,2%-ы орындалған, 230-ның немесе 15,9%-ның әлі мерзімі бар, 131-і уақытынан кеш орындалған, 131-і ішінара және 170-і мерзімінде орындалмаған.

Орындалмаған тапсырмалардың 71 пайызы 5 мемлекеттік мекемеге тиесілі, олар – Қызылорда қаласының әкімдігі 51 тапсырма (30%), Қазалы ауданының әкімдігі 12 (7%), құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы 24 (14%), энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы 17 (10%), ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы 17 тапсырма (10%).

Қала және аудан әкімдіктерінің, облыстық басқармалардың лауазымды тұлғаларына тәртіптік шара көрілгенімен, нәтиже шығармағаны ескертілді.

Аймақ басшысы жүктелген міндеттерге салғырттық танытқан лауазымды тұлғаларға қатысты тәртіптік жаза қолдануды талап етті. Атап айтқанда, орындалмаған тапсырмаларының саны басым Қызылорда қаласы мен Қазалы ауданы әкімдеріне «қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту» тәртіптік жазасы қолданылды.

Өткен «Үлгілі елді мекен» конкурсының «Қызылорда қаласының үлгілі шағын ауданы» номинациясын қаладағы «Арай-2», «Сырдария», «Бәйтерек-Шұғыла» шағын аудандары жеңіп алғаны белгілі. Аталған шағын аудандарда сквер, спорттық ойын алаңдары салынуы, көше жарықтандырылуы қажет болатын. Алайда, Қызылорда қаласы әкімдігі жоба-сметалық құжаттарын әзірлемеген, бюджеттік өтінім ұсынбаған. Осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, түйткілді мәселелері көп облыс орталығын абаттандыруға ынта танытпаған, тиісті жұмыстарды қолға алмаған қала әкімінің жауапкершілігіне қатаң сын айтылды.

Қала әкімдігі «Қызылорда-Жезқазған» автожолының «Құмкөл» кен орнынан Қызылорда қаласына дейінгі кіреберіс бөлігін салу жобасын уақытылы әзірлемегендіктен, жол құрылысына тартылатын жобамен 4 млрд теңге қаражат келмей қалуы мүмкін.

– Бұл жоба жайында «ҚазАвтоЖол» филиалының басшысы Ерұлан Жүнісов 3 ай бұрын айтты. Жұмысты реттемегені, тапсырманы орындамағаны, тиісті жобаны әзірлемегені үшін қала әкімі Асылбек Шәменовке қатысты тәртіптік жаза қолданылсын. Он күнде дайын болатын жобаны үш ай бойы созбалаңға салуды қалай түсінуге болады? Бұдан бұрын тапсырмаларды мерзімінде орындамағаныңыз үшін «қатаң сөгіс» алдыңыз, әрі қарай «қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту» тәртіптік жазасы қолданылады. Кешегі «Үлгілі елді мекен» конкурсына қала әкімдігі бірде-бір жоба ұсынбадыңыздар. Конкурсқа қатысқан жоқсыздар. Қызылорданы тазалық пен көгалдандыру, абаттандыру шараларынан сырт қалдырып, сквер, балалар және спорт ойын алаңдарын салу, көше, аулаларды жарықтандыру сынды жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігін тиімді пайдаланбадыңыз. Әйтпесе Қызылордада абаттандыруды қажет ететін аулалар, шағын аудандар жеткілікті емес пе? Мұндай жағдайда немқұрайлылық танытып, әрекетсіз қалуыңызды түсіну қиын. Онсыз да жұмысыңыздың басым бөлігін біз атқарудамыз, – деді облыс әкімі.

Тағы бір кемшілік, облыс әкімдігі «Қазақстан Темір Жолы» АҚ-мен теміржол вокзалын қайта жаңғырту жобасына 577 млн теңге тартты, істі үйлестірді, бірақ жұмыс мерзімінен кешігуде. Ал Талсуат кентіндегі клуб өткен жылы пайдалануға берілуі тиіс болса да, әлі күнге дейін табысталмаған. «Бәйтерек» тұрғын ауданына «Қызылжарма» каналы арқылы қатынайтын көпірді 14 қыркүйекте тұрғындар игілігіне беру керек болатын. Бұл жұмыстың да 95 пайызы ғана біткен. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Қызылжарма ауылдық округіндегі көшелерді жөндеуге бөлінген қаржы жарым-жартылай игерілген, тіпті бір көшеге бөлінген ақша мүлде игерілмеген.

«Ауыл – ел бесігі» аясында биыл облыстың 47 елді мекенінде 12,2 млрд теңгенің 216 жобасы жүзеге асырылуда. Бүгінгі күнге қаржының игерілуі 80,6 пайыз, республикалық бюджеттен қаржыландырылған 63 жобаның 36-сы іске қосылып, бөлінген қаржының 77,4 пайызы игерілген.

Қазалы ауданында да «Ауыл – ел бесігі» жобасымен Әйтеке би кентіндегі көшеге жүргізілетін орташа жөндеу жұмысы, кенттегі 250 орындық мектеп пен аудан орталығындағы 600 орындық мәдениет үйінің құрылыстары тұралап қалған. Сондықтан 12 хаттамалық тапсырманы уақытылы орындамаған, әрі бұрын «қатаң сөгіс» алған Қазалы ауданының әкіміне «қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту» берілді. Басқа аудан әкімдерінің жұмысына жан-жақты талдау жасалып, жауапкершілігі қаралады. Әсіресе, «Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты» сынды бағдарламаларды жүзеге асыру қарқынын төмендеткен, кемшіліктердің алдын алмаған басшыларға тәртіптік шара көріледі.

Үкімет мәжілісінен кейін облыс әкімінің төрағалығымен өтетін жиналысқа күн тәртібіне сәйкес қажетті мекеме басшыларын қатыстырмағаны үшін Арал, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария және Жаңақорған аудандарының әкімдеріне «сөгіс», тапсырмаларды мерзімінде орындамағаны үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысына «сөгіс», құрылыс, сәулет және қала құрылысы, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқарма басшыларына «қатаң сөгіс» тәртіптік жазасы қолданылды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов пен облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбетке жетекшілік ететін салаларында көптеген кемшілік анықталғаны ескертіліп, бақылауды күшейту міндеттелді.

1-бет

# БЕРЕКЕ БАСЫ – БАҚУАТТЫ АУЫЛДА

Бәрін мемлекет жасап береді немесе жасауға тиіс деген пікірлер аракідік болса да кездесетіні рас.

Халық даналығы «Әлемнің әміршісі – еңбек», «Еңбек ет те міндет қыл» «Еңбек еткен жетер мұратқа», «Талаптыға нұр жауар» деген қанатты сөздер жақсы тұрмыс, астың молшылығы, даму әркімнің өзіне және еңбекте екендігін білдірсе керек.

Жалпы, пайдалы қазбалар, көмір, мұнай, газ қорлары сарқылмалы көздер екені белгілі. Ғылым мен техниканың дамуы мүлде жаңа энергия көздерін ашып, жасанды интеллект дайындалып, түрлі озық технологиялар әзірленіп, цифрландыру, байланыс, интернет салалары қарқынды дамуда.

Ең ежелгі, ешқашан маңызын жоғалтпайтын адам баласы жаратылғаннан бері келе жатқан ауыл шаруашылығы адамзат өмірінде басты тренд болып қала беретіндігі бұлжымас аксиома.

Міне, осы саланы басты тақырып қылып алған «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы – елімізде демократиялық үрдістердің қалыптасып, зайырлы мемлекет құруда аянбай еңбек етіп, белгілі міндеттер мен жауапкершіліктерді жүктеген, өзіндік амбициясы мен құрамында 300 мыңнан астам мүшесі бар қоғамдық бірлестік.

Бүгінгі күні партия барлық облыстарда, республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларында филиалдары бар қуатты құрылымға айналды.

2023 жылы өткен ҚР Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлаудың нәтижесінде 8 партия мүшесі Мәжіліс депутаттығына, 226 партиялас түрлі деңгейдегі мәслихат депутаттары болып сайланды. Олардың қатарында біздің облыстан үшеуі облыстық мәслихат депутаты болса, 15-і қала және аудандық мәслихат депутаты атанды.

Мәслихаттар өкілді орган және халық пен билік арасындағы көпір ретінде жергілікті бюджет жобаларын, дамудың барлық экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жер қатынастары мәселелерін, ауыл, қала, облысты абаттандыру жоспарларын, азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларын, сенаторларды таңдау секілді көптеген істер атқарады. Сондықтан «Ауыл» ХДПП өкілдерінің барлық деңгейдегі мәслихаттар мен Парламент мәжілісінде болуы маңызды және ауылға, ауыл шаруашылығына қатысты өзекті мәселелерді шешуде жетекші роль атқарады.

Халық сеніміне адам кездейсоқтық ие болмайтындығы белгілі. «Ауыл» партиясы құрылғаннан бері басты мақсат елге қызмет ету қағидасымен жұмыс істеп, түрлі сәтсіздіктерге мойымай, бүгінгі нәтижеге жетіп отыр.

Ауыл шаруашылығы мен ауыл – егіз ұғым, ал ауыл қазақтың темірқазығы екенін бір сәтте естен шығармай ауылды сақтау, дамыту, адами құндылықтарды арттыру арқылы еліміздің біртұтастығын қамтамасыз ететініміз айқын. Сондықтан депутаттарымыз ауыл шаруашылығын, ауылды қолдау мәселелерін өткір қойып жатса қоғамда бұл бәріміз үшін және болашағымыз үшін деген түсінік қалыптасуы керек.

Елімізде, аймағымызда ауыл мен қала өміріндегі айырмашылықтарды азайту бағытында үлкен жұмыстар жүргізілуде. Жолдар, газ жүргізу, клубтар, спорт кешендерін, дәрігерлік амбулаториялар, жайлы мектептер салу, өндіріс орындарын ашу арқылы жастардың ауылда тұруына ықпал ету – бүгінгі өзекті мәселе.

Партия тарапынан бірнеше жобалар жасалып, жұмыстар атқарылуда. Мысалы, «Шартты базалық табысты енгізу» жобасы – жергілікті бюджет салықтары мен коммуналдық шығыстарға жыл сайынғы төлемдер арқылы республикамыздың әрбір азаматының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жаңа идея. Сонымен қатар «Бос тұрған ғимараттарды айналымға енгізу», «Суармалы жерлер – ауыл табысының негізі» жобалары ауыл экономикасын, тұрмыс жағдайын көтеруге бағытталған бастамалар.

Суармалы жерлерді тиімді пайдалану – біздің облыс үшін аса өзекті мәселе және аграрлық сектор аймақ экономикасының драйверіне айналуда. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаулар және инвесторлық салымдар аймақтың басты дақылы – күріштен жоғары өнім жинап, ауылдық елді мекендерді дамытып, халқының әлеуметтік мәселелерін шешуде нақты әсерін тигізуде.

Парламент Мәжілісі депутаттары ауыл шаруашылығы, ауыл мүддесін қорғайтын заң жобаларын жасауға, қабылдануына жоғары белсенділікпен қажырлы еңбек етуде.

Еленген еңбек кімді де болса жігерлендіретіндігі шындық. Осы бағытта «Ауыл» партиясы өздерінің табысты, белсенді мүшелерін марапаттауды әрдайым жүзеге асырып келеді. Биыл 8 партия мүшесі мемлекеттік наградалар және 60-тан астам партия мүшесі ведомстволық наградалармен марапатталды. Оның ішінде біздің облыс бойынша белгілі кәсіпкер, су шаруашылығына аса қажетті затворларды шығарушы өндірісті металл өңдейтін цифрлық станоктармен жабдықтап, машина, механизмдердің күрделі детальдарын жасайтын «Квант» зауытының директоры, партияның белді мүшесі Жаңабай Бекішев «Құрмет» орденімен марапатталса, 3 адам ведомстволық наградалар, бір топ тұлғалар құрмет грамоталары, төсбелгілер және алғыс хаттарға ие болды.

**С.ӨМІРЗАҚОВ,**
**«Ауыл» ХДПП Қызылорда облысы бойынша өңірлік филиалы төрағасы**

1-бет

ПОЛИЦИЯ ПӘРМЕНІ

# СЫН АЙТЫЛҒАН ЖЕРДЕ НӘТИЖЕ БАР

Қылмыс пен құқықбұзушылықты азайту, олардың алдын алу – бүгінгі күні қоғам алдында тұрған міндеттердің бірі. Бұл мақсатта өңірдің тәртіп сақшылары атқарған жұмыстар нәтижелі. Қалың көпшілікпен тығыз байланыста жұмыс істейтін полиция қызметкерлерінің жұмысына сын көп айтылғанымен, олардың кірпік қақпай күні-түні атқаратын қызметтерінің нәтижелі көрсеткіштерін де атап өткен дұрыс болар. Біз үшін негізгі міндет – қылмыстың алдын алу, оның себептері мен жағдайларын анықтау және осыған сай шараларды жүзеге асыру. Бұл мақсаттағы жұмыстар қазір нақты нәтижелерін бере бастады. Оған дәлел – өңірімізде қылмыс айтарлықтай азайды.



Бүгінгі таңда Қызылорда облысы – қауіпсіз өңірлердің бірі. Қылмыстық ахуал тұрақты. Нәтижелі және қарқынды жұмыстың арқасында қылмыстар 4%, аса ауыр қылмыстар 19%, онша ауыр емес және ауырлығы орташа 16%, ұрлық 16%, мал ұрлығы 49 % төмендеді.

Қоғамдық орындарда, көшелерде, мас күйінде жасалған қылмыстар саны азайды. Ауыр және аса ауыр, пәтер, мал ұрлығының ашылу көрсеткіші жақсарды.

Бүгінгі таңда есірткімен күрес – маңызды бағыттардың бірі. Қазақстан Республикасы ІІМ кеңейтілген алқа отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі есірткі тасымалының жолын кесу бойынша нақты тапсырмалар берді. Бұл бағытта департамент қызметкерлері пәрменді жұмыстар атқаруда.

Жыл басынан 241 есірткі қылмысы тіркеліп, заңсыз айналымнан 2 тонна 304 келі есірткі заты тәркіленді. Қызметкерлеріміз 2 «фито-зертхана» анықтады. Әлеуметтік желілерде мониторинг жүргізу барысында «Киберқадағалау» ақпараттық жүйесіне синтетикалық есірткіні жарнамалайтын 70 сайт енгізіліп, 42 сайты бұғатталса, 28-і тексерілуде.

1 маусым-31 қазан аралығында республикалық «Қарасора» жедел профилактикалық іс-шарасы барысында 163 құқық бұзушылық анықталды, оның 10-ы сату, 16-сы аса ірі мөлшерде сақтау, 1-і жарнамалау, 62-сі өсіру дерегі. Есірткі өсірумен айналысқан 61 адам құрықталса, 24-і қамаққа алынды. 17 мың 828 түп қарасора өсімдігі жойылды.

Есірткіні аса ірі мөлшерде тасымалдаудың 3 дерегі анықталып, 63 келі марихуана тәркіленді.

Жол қауіпсіздігін бақылау мен көше-жол желісіне тексеру жүргізу, жол-пайдалану қызметін жақсарту мен жол инфрақұрылымына жауапты мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жандандыру, бейнебақылау жүйесін кеңейту, жол қозғалысы ережелерін бұзуды автоматты түрде тіркеу жүйесін белсенді қолдану мәселелері қатаң қадағалануда. Есептік мерзімде жүргізушілердің жолда жүру ережесін сақтамауы нәтижесінде жол-көлік оқиғасы, одан жарақат алғандар саны өскен.

Жолда жүру ережесін бұзудың 171 мыңнан аса дерегі анықталса, оның 95 мыңнан астамы – жол апатына тікелей әсер ететін өрескел құқық бұзушылықтар.

Дәлірек айтсақ, масаң күйде көлік басқарудың 717, қарсы бағытқа шығудың 201, жылдамдық асырудың 78 841, ұялы телефон қолданудың 2208, жаяу жүргіншіге жол бермеудің 2 411 дерегі анықталды. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында күнделікті талдау арқылы осал жерлерді наряд қадағалайды. Тұрақты түрде «Қауіпсіз жол», «Заңсыз жолаушы тасымалдаушы», «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі», «Автобус», «Құқықтық тәртіп» жедел профилактикалық іс-шаралары жүргізілуде. Мобильді кешендер елді мекендерге патрульдеуге жұмылдырылуда.

Аппараттық кешендер мен зияткерлік қиылыстар «МегаКамҚорғау» мобильді бағдарламасына қосылып, штаттық режимде жұмыс жасауда.

Автожолдарды тексеру жұмыстары жүргізіліп, 1 572 ұйғарым шығарылды.

2023 жылға арнап жол инфрақұрылымын дамытуға 35,8 млрд теңге бөлініп, ұзындығы 585 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөнделуде.

Биыл тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты заң қатаңдады. Мемлекет басшысы 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайтынын атап өтіп, алдын алу бағытында тиісті шаралар қабылдауды тапсырған болатын. Осы ретте Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2023 жылғы 1 шілдеден бастап тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтетін заңнамалық өзгерістер күшіне енді.

Алдын алу бағытында қорғау нұсқама шығару, ерекше талап белгілеу жұмыстары жақсарғанымен, отбасы-тұрмыстық саласындағы қылмыстар 50%-ға көбейген. Аталған қылмыстардың қатысушылары – (күдіктілер мен жәбірленушілер) бұрын полицияға жүгінбеген және ІІО-да есепте тұрмаған тұлғалар.

Қылмыстарды болдырмау бағытында ӘҚБтК-нің 73-бабымен жауапкершілікке тартылған барлық тұлғалармен және отбасы-тұрмыстық қатынасқа шағымданғандармен профилактикалық шаралар жүргізілуде.

Бала – еліміздің болашағы. Ендеше сол балалардың жақсы тәлім-тәрбие алып, ел тәуелсіздігінің тұғырлы болуы жолында аянбай еңбек ететін азамат болып жетілуі үшін бәріміз де бір кісідей атсалысуымыз қажет екені айтпаса да түсінікті.

Бүгінде балаларының немен айналысып жатқанына мән бермей, жұмысбасты болып жүрген ата-аналар да бар. Осы олқылықты жоюға атсалысу керек. Кәмелетке толмағандардың тәрбиесіне көңіл бөлмеу – олардың тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтың негізгі себептерінің бірі. Сондықтан Қызылорда облысы полиция департаментінің қызметкерлері жасөспірімдер тәрбиесіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, кәмелетке толмағандар жасайтын құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы күрес тиімділігін арттырудың түрлі шараларын жүзеге асырып келеді. Кәмелетке толмағандар және оларға қарсы жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында «Жасөспірім – Көше», «Бала – Заң – Қауіпсіздік», «Түнгі қаладағы балалар», «Түнгі қала», «Жасөспірім» атты жедел профилактикалық іс-шаралары өткізілді. Ағымдағы жылы олар жасаған 46 қылмыс тіркеліп, 58 жасөспірім қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде 20 мектеп оқушысы, 33 колледж студенті бар және 5-уі жұмыссыз.



6619 құқық бұзушы ішкі істер органдарына жеткізілсе, оның ішінде түнгі уақытта заңды өкілінсіз тұрғын-жайдан тыс жерде жүрген 5255 кәмелетке толмаған баланың заңды өкілдері әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Рейдтік шаралар барысында түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол берген 117 кәсіпкер, жасөспірімге алкоголь өнімін сатқаны үшін 10 сатушы анықталды.

Полиция есебіне 108 жасөспірім, 111 қолайсыз отбасы алынды. Алдын алу мақсатында «Жасөспірім», «Түнгі қаладағы балалар», «Бала-Заң-Қауіпсіздік», «Мектеп» профилактикалық іс-шаралары мен «Мен және менің полицейім», «Абайлаңыз, балалар» атты акциялары өткізілді.

Облыс аумағында 19 035 шетел азаматы уақытша тіркеуге алынды (оның 18 660-ы ТМД елдерінен, ал 375-і алыс шетелдерден келген).

1 599 көші-қон заңнамасын бұзу дерегі анықталып, 82 шетелдік елден шығарылды. Көші-қон саласындағы заңнаманы қайталап бұзуды болдырмау мақсатында күн сайын ҰҚК, прокуратурамен бірлесіп рейдтік іс-шаралар өткізілуде.

Бүгінгі таңда ішкі істер органдары ауқымды және сапалы өзгерістер енгізді. Жұмыс процестерін автоматтандыру, цифрландыру және оңтайландыру шаралары қабылданып жатыр. Азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау, полиция қызметінің халыққа ашық болуын қамтамасыз ету мақсатында полиция бөліністерінде жаппай бейнебақылау 100% іске қосылды.

«Электрондық қылмыстық іс жүйесі» аясында жеке құрам 100 пайыз қамтылып, қазіргі уақытта қылмыстық істер электрондық форматта тергеліп жатыр. Бұл жүйе азаматтарға тергеп-тексеру барысын қадағалауға мүмкіндігін береді. Қоғамдық орындарда, мектептерде, сауда-ойын-сауық орталықтарында шұғыл шақыру жүйелеріне «Дабыл батырмалары» орнатылды. Олардан түскен сигнал дереу жедел басқару орталығына немесе полицияның жақын маңдағы кезекші бөліміне түседі. Мемлекет пен қоғам арасында ашық қарым-қатынас моделі құрылды.

Полиция қызметкері өзіне артылған сенімді ақтауда алдымен патриоттық сезімді, әділеттілікті, абыройлы болуды негізгі ұстаным етіп алуы қажет. Кәсіптің жақсысы, жаманы болмайды. Полиция қызметкерінің жұмысын оңай деп ойлайтындар жаңылысады. Себебі, полиция қызметкерінің басты ұстанымы мен адастырмас темірқазығы – өз ар-ожданының алдында таза болу, қиындықтарға төзу. Міндеті – заңдылықтың сақталуын қадағалау, қылмыстың алдын алу. Тәртіп үшін заңнан мәртебелі ештеңе жоқ.

«Заң бәріне бірдей. Азаматтарымыз заңдылықты нығайту жолында жұдырықтай жұмылса ғана қоғамда әділдік орнайды. Әділетті Қазақстан – Заң мен тәртіп үстемдік құратын ел» – деп Мемлекет басшысы атап көрсетті. Міне, осы тұрақтылық пен келісімді, бейбітшілікті, жалпыхалықтық жетістікті қорғайтын, елдің тыныштығын сақтайтын – біздер. Бұл қоғамдық тәртіпті сақтау саласына аса маңызды міндеттер жүктейді. Мемлекет басшысының тапсырмаларын ойдағыдай жүзеге асыру бағытында халыққа сапалы қызмет етіп, жұртшылықтың мәселелерін терең зерделеп, оны түбегейлі шешу үшін олармен біте қайнасып жұмыс істеуіміз қажет. Біздің қазіргі мақсат-мүддеміз осы.

Әр саланың өз кем-кетіктері болатыны айқын. Біздің әр ісімізге сыншы – халық. Халықтың бізге артқан сыны мен ұсыныс-пікірлерін ескере отырып, қандай да бір кемшіліктерді жоюға тырысып келеміз, яғни, айтылар сынға да, ұсынылар ұсынысқа да ашықпыз. Қолжетімдіміз. Ынтымақтасып жұмыс жүргізуге де дайынбыз.

**Махсудхан АБЛАЗИМОВ,**
**Қызылорда облысы полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры**

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

1-бет

Өйткені білім беру саласындағы балабақшадан жоғары оқу орындарына дейінгі цифрландыру игіліктері жас ұрпақты жан-жақты біліммен қаруланұға және түрлі ақпараттарға анализ жасауға көмектеседі. Білім беру ісіндегі цифрландырудың маңыздылығы сол, ресурстарға жол ашылады, заманауи технология мен оқу әдістемесін бірегейлендіруге мүмкіндік береді. Дағдыларды дамытып, цифрлық қоғамға табысты бейімделуге бірден-бір әсер етеді.

Мәселен, білім беру ісіндегі жасанды интеллект дегеніміз – процесті жақсартуда жасанды интеллект технологияларының қолданылуы. Бұл – жеке тұлғаны оқыту үшін зияткерлік жүйені қалыптастыру, оқу материалдары мен білім беру ісінің пайдалы әсер коэффициентін арттыруға бағытталған басқа да инновациялар, яғни жаңашылдықтың қайнар көзі.

Әдетте білім беру саласындағы цифрландыру онлайн оқыту деген ұғыммен шектеліп қалатыны жасырын емес. Білім беру ісіндегі цифрландыру мен қашықтан онлайн оқыту – екеуі екі басқа ұғым.

Цифрландыру түсінігі – әртүрлі бағдарламалар мен қашықтан немесе мектепте, орта, жоғары оқу орындарында білім алу кезінде электронды оқытуға негізделген басқа да цифрлық ресурстар. Мысалы, бұл сыныпта немесе аудиторияда компьютер, планшет сынды электронды құрылғыларды пайдалану арқылы орындалатын тапсырмалар легі болуы мүмкін.

Білім беру ісіндегі цифрландырудың мәні неде? Цифрландыруға тікелей оқу процесі ғана емес, сондай-ақ ұйымдастыру сәттері де кіреді. Бұл – электронды күнделіктер, журналдар және мұғаліммен немесе оқытушымен қашықтан, т.с.с. байланысу мүмкіндігінің болуы. Әсіресе оқу-ағарту ісіндегі цифрландырудың айқын бағыты коронавирус пандемиясымен тығыз байланысты болды. Мектептер мен орта және жоғары оқу орындары қашықтан оқытуға көшті, бұл барлық оқушыларға, тіпті олардың ата-аналары мен мұғалімдеріне де, оқытушыларына да тікелей қатысты болды. Дегенмен, шын мәнінде, білімдендірудегі цифрландыру пандемиядан әлдеқайда бұрын басталды және ол кең ауқымға ие болды. Бұған білімдендіру технологиясының нарықтық құны дәлел бола алады. Нарықтың қарқынды өсіп келе жатқаны сонша, әлемдік экономикалық форумның бағалауы бойынша, 2025 жылға қарай оның көлемі 342 млрд АҚШ долларына жетеді екен.

Жоғары мектеп мамандарының бағалауы бойынша Қазақстандағы цифрландырудың үш деңгейін қарастырамыз және оның әрқайсысында өзіне тән процесстер жүргізілді. Бірінші толқын 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басы. Бұл жылдары компьютердің өзі жаңа нәрсе болғандықтан, негізінен компьютерлік сауаттылықты дамытуға көңіл бөлінді, оқу орындарында компьютерлік сыныптар ашыла бастады.

Екінші толқын 2000 жылдардың ортасы мен 2018 жылға дейін. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар біртіндеп оқу процесіне ене бастады. Цифрлық құрылғылар мен бағдарламалар информатика сабағында ғана емес, басқа да пәндерді оқытуға кеңінен пайдаланылды.

Үшінші толқын шамамен 2018 жылдардан басталады. Білім берудің барлық үдерісі цифрлық технология мен цифрлық трансформацияның қатысуымен жүргізіле бастады. Бұл үшінші толқын білім берудің нәтижесі мен жалпы мазмұнына жаңашылдық алып келді.

Қазір адамдардың өмірін жеңілдетуге цифрлық бейімделу көбірек көмектесіп отыр. Мысалы, мемлекеттік мекемелермен байланысу негізінен «Мемлекеттік қызмет» сайты арқылы жүргізіледі. Қашықтан жұмыс істеу арқылы табыстың жаңа көзін тапқандар жетерлік. Мұның барлығы да балаларды мектеп жасынан цифрлық технологияларды дұрыс қолдануға үйретуді талап етіп отыр.

Озық технологиялармен кіріктірілген педагогикалық әдістемелер, оқытудың жаңа технологиясы сыныптағы дәстүрлі сабақтан әжептәуір ерекшеленеді. «Phenomenal Education» деп аталатын фин журналының жазғанындай, оқу-ағарту процесін цифрландыру өте маңызды. Әсіресе, контенттің түрліше болуын талап ететін XXI ғасырдың оқыту процесі үшін цифрландыру ауадай қажет. Оны зерттеуші мамандар медиа, коммуникациялық ресурстар, ақпараттық ресурстар, контент жасауға арналған бағдарламалар, ойлаудың жаңа дағдысына арналған бағдарламалар, ұжымдық жұмыс жүргізуге арналған платформалар деп қарастырады.

Енді әрбіріне жеке-жеке қысқаша тоқталып өтейік. Медиа. Желілердегі медиаконтент, сондай-ақ интерактивті цифрлық оқулықтар үлкен танымалдылыққа ие әрі классикалық білім көздерін бірте-бірте ығыстыра бастайды.

Коммуникациялық ресурстар. Желілерде мәлімет алмасу оқушылар мен оқытушылар үшін маңызды болғаны сонша, бұл білім беру ісін цифрландыруда өте үлкен рөл ойнайды. Бұған барлық онлайн-курстар негізделген және бұл әдіс болашақ мектептерде белгілі бір деңгейде өте маңызды орынға шығады. Қазір қашықтан оқытудың танымалдылығы сол, сервистерде онлайн жүргізілетін дәрістер арқылы бір мезгілде жүздеген аудиторияны қамтитын сыныптар жасауға болады.

Ақпараттық ресурстар. Бұл үлкен көлемді мәліметтерді сақтауға мүмкіндік береді. Ғаламтор – білім алудың аса ауқымды кеңістігі, бірақ кейде осы шексіз кеңістіктің өзі мәселеге айналуы мүмкін. Сондықтан білім беру саласын цифрландыруда оқушыға бүкіл әлемге ортақ тексерілген оқу-ағарту ресурстарын ұсына алу маңызды. Мәселен, сенімді ақпарат көзі саналатын Уикипедия, онлайн кітапханалар мен түрлі саланың мамандары ұсынған вебинарлар, т.б.

Контент жасауға арналған бағдарламалар. Уақыт өткен сайын бұл бағдарламалардың танымалдылығы арта бастады, әрі заманауи әрі ыңғайлы. Қазір адамдар мәтінді қолмен жазбайды, компьютерде немесе смартфонда тереді. Суреттер мен сызбалар және музыка да электронды құралдар мен бағдарламалардың көмегімен жасалады.

Әйтсе де шығармашылық жұмыстың бәрі цифрланбайтынын түсіну керек. Адамдар бұрынғысынша бояу көмегімен сурет салуды, картина жазуды, электронды емес аспаптарды пайдалану арқылы әуен шығаруды жалғастыра беретініне шүбә жоқ. Алайда сызбалар, сызу жұмыстары компьютердің көмегімен жасалатыны анық.

Ойлаудың жаңа дағдысына арналған бағдарламалар. IT технология ақпараттарды әртүрлі форматта ұйымдастыруға, визуалды елестетуге, түсіндірме беруге және қабылдаудың оңай жолын табуға көмектеседі. Бұл кәдімгі жаңа нәрсені іздеу мен ақпараттық өңдеудің ыңғайлы құралдар жиынтығына ұқсайды. Егер оқушы сауатты түрде сақтап, оны таратуды білсе, онда басқа уақыттарда өзіне маңызды деген мәселелермен айналысуына әбден болады.

Ұжымдық жұмыс жүргізуге арналған платформалар. Қазір әлеуметтік желілерде онлайн алаңдар мен форумдардың, қосымшалардың түр-түрі бар. Олардың бәрі жүзбе-жүз, шынайы қарым-қатынастардың әсерін сыйлауға ұмтылады, сондай-ақ ақпарат алмасудың да үлкен мүмкіндігі.

Білім беру ісін цифрландыруда мемлекет пен қоғам бір мезгілде бірлесе отырып шешуге тиісті мынадай мәселелер бар: Біріншіден, материалдық инфрақұрылымдарды дамыту. Дата-орталықтарды құру және оқу материалдарын үйренуге арналған құрылғыларды жасау.

Екіншіден, цифрлық бағдарламаларды енгізу. Нақты жасалатыны, бұлар – жасанды интеллекттің көмегімен оқу материалдарын пайдалану, тест жасау және тест ұйымдастыру.

Үшіншіден, оқу ісін басқару жүйесін жасау, яғни әкімшілік ұйымдастыру, оқу курстарын бақылау. Сарапшылардың айтуынша, бұл білім беру ісін цифрландыруға жағдай жасауға, тең және кең көлемде білім алуға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, оқу ғимаратының моделін жасау. Демек оқу-ағарту саласын цифрландыру үшін төртінші революциялық өнеркәсіп деп айтылып жүрген цифрлық дәуірдің жаңа құрылғысы керек. Бұл тұрмыста, еңбекте, т.б. киберфизикалық жүйені жаппай енгізуді көздейді.

Бесіншіден, автоматтандырылған жүйеде оқушының идентификациясының болуы, яғни цифрлық кодын жасау.

Білім беру ісін цифрландырудың оң және теріс жағы да бар екенін айту керек. Оқушыны өз бетінше білім алуға ынталандыру, қағазбастылықтан құтылу, үнемділік жағынан алғанда бұл тиімді әрі ыңғайлы. Педагогтердің жұмысын әсіресе психологиялық тұрғыдан жеңілдетеді. Әдетте мұғалімнің уақытының көбі әр оқушымен жеке жұмыс жасауға жұмсалатын болса, цифрландырудың көмегімен оқушыға тек бағыт-бағдар беруге, кей мәселелерде ғана көңіл бөлуге болады.

Қазір білім беру ісіндегі цифрландырудың қарқындылығы сонша, интернет-технология ғылымның барлық саласын асқан жылдамдықпен дамыту үстінде. Жаңа ақпарат тез тарап, жаңа құрылымдар жасалуда. Мұның барлығы білім алу жолында ықыласты адамға ақпарат аштығын тудырмайды.

Қауіп-қатер неде? Ғалымдардың пайымдауынша, электронды нұсқаның тым құрғақ болатыны сонша, әбден іш пыстырарлық ақпаратқа үйренген бала психикасы шығармашылық тұрғыдан дамуға ұмтылмайды екен. Барлық ақпаратты дер кезінде интернеттен алу оқушының ойлау қабілетін әлсіретіп, барлық сұрақтың жауабы дайын тұрғандықтан, қандай да бір мәселені өзінше шешуге талпынысын төмендетеді. Бұның тек балаға ғана емес, үлкен адамға да әсері бар.

Мектеп адаммен, қоғаммен қарым-қатынастың көзі болса, ақпараттық жүйе арқылы білім алу оқушының әлеуметтенуіне және тұлғалық дамуына кері әсер етеді. Сондай-ақ білім беру саласының цифрлануы көздің көру қабілетін төмендетіп, ұсақ моторикалардың дамуына теріс әсер ететіні де мамандар тарапынан соңғы уақыттары жиі айтылып келеді. Қазір бұл мәселелерді шешудің және барынша қауіпсіз болуын қамтамасыз ететін жаңа технологиялар жасалу үстінде. Сондықтан ғылым, техника дамыған сайын білім беру ісіндегі цифрландыру да дамудың жаңа деңгейіне көтеріле беретіні даусыз.

Жақында біздің Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің жанынан Сеултех жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі ашылғаны белгілі. Корея мен Қазақстан арасында жоғары білім беруде екіжақты ынтымақтастықты ілгерілетуге бағытталған бұл Халықаралық ынтымақтастық бойынша жетекші университеттік жоба болашақта жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және информатика саласына кадрлар дайындайды. IT технологияларға қолжетімділікті қамтамасыз етуде бұл жаңалық, ынтымақтастық аймағымыз ғана емес, Қазақстанның болашақ технократ мамандарын даярлау ісінде ең үлкен табысымыз болады деп есептейміз.


Фото: Ашық дереккөзден.

**Әнипа ТАПАЛОВА,**
**техника ғылымдарының кандидаты,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры**

**МЕРЕЙ**

Зинабдин Шермұхаммедұлы! Бұл – биік деңгейде айтылатын есім. Шын мәніндегі білімі мен білігі, ой-өрісі, пайым-парасаты биік, көзқарасы мығым, артық сөзден ада, барды місе тұтып, кемді кемелдігі жеңген ақыл-парасат иесі.



## Парасат пернесі

Зинабдин Шермұхаммедұлы Жаңақорғанның Түркістан облысымен шекаралас аймағындағы қарт Қаратаудан бастау алатын «Бесарық» өзенінің бойындағы «Кеңес» ауылында 1943 жылы дүниеге келген. Саналы ғұмырының 60 жылға жуық уақытын білім саласын дамытуға, жастарды тәрбиелеуге арнап, елдің құрметіне бөленді. Еңбек жолын қарапайым ауыл мектебінде мұғалімдіктен бастап, КСРО білім беру ісінің озық қызметкері, ҚР Білім саласының құрметті қызметкері, «Құрмет» орденінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің және «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері атанып, бірнеше рет Мемлекет басшысының Алғыс хатына ие болды. Аудандық білім бөлімінің басшысы, аудан әкімінің бірінші орынбасары қызметіне дейін көтерілді.

Зинабдин ағай білім саласын дамытумен қатар 30 жылдай уақытын мектеп директоры қызметіне арнап, мыңдаған шәкірттер тәрбиелеп, әріптестерінің құрметіне бөленді. Ауыл мектептерінің білім сапасы мен материалдық базасын дамыту бағытында ғасырға татитындай іс атқарды. Осындай ізгі істерінің нәтижесінде есімі елге танылып, жоғары марапаттарды иеленді. Қолынан іс келетін білікті мамандарды таңдап-тауып, сенім арту – білгір басшыға тән көрегендік десек, сол сенімді бүкіл ақыл-ойы мен күш-қуатын жұмсай отырып, абыроймен ақтап шығу да – нағыз өнеге-ерлік дер едік. Қазақ баласының қатарынан кем қалмай, алға адымдап келе жатқаны осындай ұлағатты ұстаздардың салған сара жолының арқасында деуімізге толық негіз бар. Ол көп адамның қолынан келе бермейтін таңғажайып істерді тындырып, көп адамның батылы жете бермейтін істерге тәуекел етті. Сондықтан көп адам жете бермейтін асқақ абыройға кенелді.

Зинабдин Шермұхаммедұлы – қара сөздің қасиетін танитын, ішкі ойын жеткізе алатын шешен, ұлттық құндылықтарды жетік білетін, қазақы дәстүр мен ғұрыпты дәріптей алатын білгір, ұлттың тілі мен ділін қорғай алатын табанды тұлға.

«80-нің сеңгірінен қарап тұрсам балалық шағым тым тар болды. Асық атып алаңсыз ойнап-күлетін шағымда мал бағып, жүгері масағын жинап, ала таңнан тұрып, ата-анама қолғабыс қылуға тырыстым. Адам баласы жаспен емес, жауапкершілікпен есейеді. Өмірдің өзі мені талмас табандылыққа баулып, қызметтің қай саласында жүрсем де тыңғылықты еңбекпен нәтиже шығарсам деп қызмет етуге, атқарған барлық қызмет сатысында ел алдындағы жауапкершілікке атүсті қарамауға үйретті. Сүйікті салама деген адалдық мені биік шыңға алып шықты. Ал ел мүддесіне, отбасына, әулетіне, өзіне қалтқысыз қызмет ету әкенің қанымен, ананың ақ сүтімен перзент бойына даритын тәрбие тәлімі болса керек. Сондықтан мен бірінші Аллаға, екінші өмірге әкелген, аялап өсірген әкем мен анама алғысым шексіз», – деп ата-анасына деген сағынышын айтып отырады.

Жалпы Зинабдин ағайдың айтқаны да, жазғаны да көптің көңілін дөп басып отыратындығымен еректенеді. Қай мәжіліске, пікірталасқа, қай ауыл, қай қауымға барса да, өзінің энциклопедиялық білімімен ерекшеленіп, көптің ортасынан ойып орын алып, оқшау қошеметтеліп жатады. Қолына қалам алғалы халықтың сөзін сөйлеп, әр мақаласында халықтың көкейіндегі өзекті мәселелерді қозғап, білім беру мен жастар тәрбиесін жетілдіру бағытындағы өмірлік тәжірибесін бөлісіп, ұлттың тілі, мәдениеті мен тәрбиесі тақырыбында қалам тербеп, уақытысында замандас, әріптес-дос болған тұлғалардың өмір жолы мен жетістіктерін, адами болмыстарын көркем тілмен суреттеп, жас ұрпаққа насихаттап келеді.

Ағай 80 жасқа өзінің мінсіз мінезімен, бәйтеректей беріктігімен, маңдайына жазған ырыздығын адал еңбегімен теріп, елге танымал, қалың жұртына қадірлі азамат атанып, сергек көңілмен келіп отыр. Бір бойына біткен абзал да адами қасиеттерін тани алсаң, арда азаматтың жан сырына қаныға түсерің анық.

Бір сәтке сұхбаттасып қалсаң, таусылмайтын шежіре. Қазіргі қоғамда белең алып баратын жағымсыз әрекеттер, жастар тәрбиесі, ұлттық құндылықтардың құлдырап бара жатқаны көңіліңді құлазытса, сол сананы сергітіп, намысыңды қайрайтын рухты сөздері ерекше бір күш сыйлайтынын байқаймын. «Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» деген тәмсіл бар. Көп жасадым деп айтпаймын, бірақ көпті көрдім. Сендер бақытты жансыңдар. Әке мен ананың алдында еркелеп өстіңдер. Бізде балалық шақ болған жоқ. Тағдырдың небір тартысқа толы тауқыметін көрдік. Қиындыққа төздік. Өмірдің барлық жағдаяттарына дайын болуларың керек. Біздің жас кезімізде ақыл айтып, бағдар берер ағаларымыз болған жоқ. Бізден білмегеніңді сұрап қалудан қысылмаңдар, – деп абыздық ақылын айтудан еш танған емес.

Зинабдин ағайдың өмірге келген заманы өте ауыр болды. Халқымыздың басына қиыншылық туған, зұлмат соғыс жылдарына сәйкес келді. Сол заманның барлық қиыншылық, барлық ауыртпалығы сол ұрпақтың мойнына артылды, арқасына батты. Сонымен таласып жүріп бұл кісілер білім алып, мектепке барды. Сол заманның ауыр кезеңінен тірі қалған балалардың барлығы өте пысық, еті тірі болып өсті. Аштықтың орнын арманмен, жоқтықтың орнын талаппен, жетімдіктің орнын жігерімен толтырып, өз бағытын өзі сомдаған, жасампаз ұрпақ болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында дүниеге келген бұл буынның біз әңгіме етіп отырған өкілінің мерейлі жасқа келіп, сүйікті болуы екінің бірінің маңдайына жазылмаған бақ деп санаймын. Осының бәрі – өмірге, өнерге, мәдениетке, айналасына адалдықтың, тазалықтың арқасында келген абырой. Ең бастысы, оны ұстап тұру да – текті тұлғаның қолынан келетін іс. Атақты өнер тарланы Асанәлі Әшімов: «Біреулерге атақ берген, біреуге соны ұстап тұратын абырой бермеген», – деп айтқанындай, Алла тағала Зинабдин ағайға сол атақты да, абыройды да ұстап тұратын кемел ақыл берген. Рухани құндылыққа адалдықтың, елге қызмет етудің бек үлгісі осындай болса керек.

Осының барлығы қайдан басталды? «Бұлақ басынан тұнады», «Көп қасиет ата-анадан келеді» деген даналық бар. Осынау тектіліктің басында Шермұхаммед атамыз бен Кәделі әжеміз тұр.

Қазіргі таңда жоғары деңгейде көтеріліп жүрген, рухани сұранысқа ие Зинабдин ағайдың ұлттық құндылықтар бағытындағы әңгімелерінің қағазға түскен нұсқалары әрбір оқырманды ойландырмай қоймайды. Өңірлік газеттердің тұрақты авторына айналған ағайдың жарияланымдары өте құнды. Халықтан биік сыншы жоқ. Осының өзі табанды еңбектің рухани жетістікке айналғанының бір белгісін білдірмей ме?!

Ұстаз – білгенін үйретуші ғана емес, өнегелі адам. Шәкірттерін алаламайтын, барлық жастардың бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі.

Апта бойы өзі қызмет еткен Жаманбай батыр ауылдық округіндегі Ж.Қыдыров атындағы №54 орта мектеп пен Т.Әбдірашов атындағы №239 орта мектепте, аудан орталығындағы №3 мектеп-гимназияда, мәдениет үйінде өткен мерейтой иесімен кездесуге арналған іс-шаралардың барлығы ұлағатты ұстазды ұлықтаудың жарқын көрінісі болса керек. Зинабдин ағай мұндай құрмет пен қошеметке өзінің ізгілік қасиетімен, бекзада болмысымен, жан дүниесінің адалдығымен кенеліп отыр.

**Жандос ЕСІРКЕПОВ,**
**Халықаралық туризм және меймандостық университетінің қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к.**

**Дүние дүрмек**

## ТҰРҒЫН ҮЙ ДАҒДАРЫСЫ

Англияда жергілікті билік тұрғын үй дағдарысын еңсере алмағандықтан, үйсіздердің саны шамамен 7 пайызға өскен.

Манчестер баспанасыздардың саны бойынша көш басында тұр. Жергілікті қайырымдылық ұйымдары қаланың әрбір сексенінші тұрғынының тұрақты мекен-жайы жоқ деп мәлімет таратты.

Бұл дағдарыс жеке сектордан пәтер жалдау ақысын да күрт өсіріп жіберді. Тұрақты жұмыс істейтін адамдардың өзі үй жалдаудан қиындық көріп отыр. Муниципалды тұрғын үйдің бағасы арзан болғанмен, оны ұзақ уақыт күту керек. Өйткені арзан баспанадан үміткерлер өте көп.

Үйсіздер туралы деректер жарияланған соң, елдің қайырымдылық ұйымдары тұрғын үй жәрдемақысының көлемін ұлғайту қажеттігін айтты. «Тұрғын үй жәрдемақыларын өсіруге тыйым салып тастады. Инфляцияға байланысты пәтер жалдау ақысы өсті, бірақ жәрдемақы өзгеріссіз қалып отыр. Олар баспанасыздарды қолдауға арналған еді. Бірақ қазір көлемі аз. Үкімет жәрдемақыны мүмкіндігінше тезірек көтеруі керек», дейді Ұлыбританияның баспанасыздарды қолдауға арналған қайырымдылық ұйымының атқарушы директоры Полли Нит.


Фото: Ашық дереккөзден.

## ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ИМПЛАНТТАР ОРНАТҚАН

АҚШ тұрғыны денесіне 52 технологиялық имплант орнатып, Гиннестің рекордтар кітабына енді. Анастасия Син денесінде салынған чиптердің көмегімен компьютерді қосып, оның кодын аша алады. «Қызым денесіне микрочип орнатса, ойындағы қыздар сияқты компьютердің кодын аша алатынын айтып, рұқсат сұрады. Ал мен оны алдымен өзім қолданып көріп, қауіпсіз екенін анықтауым керек дедім» деді ол.

Әйелдің айтуынша ол микротолқынды пештің көп радиация шығарып жатқанын сезеді. Ол кезде қолы дірілдейді екен. Сондай-ақ қабырғаның артындағы электр сымдарын да сезе алады. Имплантарын пайдаланып телефон соғады. «Сол білегім қызыма, оң білегім күйеуіме қоңырау шала алады» дейді.

Бірақ рекордшы денені имплантациялау қаупі туралы да ескертті.

## ТАШКЕНТ АЛАҚАНДАҒЫДАЙ КӨРІНЕДІ

Бүкіл Ташкент алақандағыдай көрінетін мейрамханасы, люкс пәтерлері мен тұрғындарға арналған 33 қоғамдық аумақтан тұратын Өзбекстандағы ең биік зәулім ғимарат Nest One кешені ашылды. Ғимараттың биіктігі 267 метр, құрылысына 27 000 тонна темір, 150 000 тонна бетон жұмсалған.

Құрылысы 2019 жылы басталған кешенді салуда ең соңғы әлемдік технологиялар пайдаланылған. Бұл әлемдегі ең қауіпсіз зәулім ғимараттардың бірі болып саналады. Өрт қауіпсіздігі барлық халықаралық стандарттарды ескере отырып жасалған.

Nest One кешенінде барлығы 1029 пәтер және 29 жоғары жылдамдықта тасымалдайтын лифт бар. 20 VIP пәтер бұлт астында, 41-50-қабаттардың арасында орналасқан. Люкс апартаменттердің көпшілігі қазірдің өзінде сатып алынған.

**Ақпарат көздерінен**


Фото: Ашық дереккөзден.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

Адамға ақын болу емес, азамат болу парыз. Себебі, Ұлы Абай атамыз айтқандай оқып, көңілге тоқып, ізденіп, еңбектеніп, халыққа қызмет еткен адам ғана бейнеттің зейнетін көреді. Осы нәрсені ғұмырлық ұстанымына айналдырып, өнер әлемінде қанатын кең жайып жүрген таланттар аз емес. Олардың қатарында айтыскер ақын, артист, белгілі өнер иесі Жұмабай Шерниязов та бар.

**Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»**

# Жұлдызы жауһар Жұмабай



Жалпы, айтыссүйер қауымға Жұмабай Шерниязовтың есімі таныс. Ол – өзінің жалынды жырларымен, өткір тілімен, байыпты болмысымен, салмақты сөз саптауымен көпшіліктің жүрегіне жол таба білген ақын. Ізденімпаздығының, еңбекқорлығының, табиғи дарынының арқасында талай шыңды бағындырып, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды.

Отыз жыл бойы өнер көгінде самғаған ақын 50 жасқа толды. Осыған орай А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Жұлдызы жауһар Жұмабай» атты шығармашылық кеші өтті.

Кеште облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов сөз сөйлеп, басқарма басшысының құттықтауын жеткізді.

Ал Жағыпар Тажмаханов Қызылорда қаласының Құрмет грамотасын табыстады. Сондай-ақ өнер иесіне Жаңақорған ауданының «Құрмет» грамотасы мен мерейтойлық төсбелгі және өнер майталмандарының атынан қасиетті қара домбыра сыйға берілді.

Кеште өнер иесі «Дидар» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің сүйемелдеуімен бірталай әндерді шырқап, көрерменнің көңілін жадыратты. Сонымен қатар жырау, ақын Айдос Рахметов арнау жырын тарту етті. Талай жыл бірге жұмыс істеген әріптес достары, ағайындары айтыскердің өткен өміріндегі жағымды естеліктерін бөлісті.

Кеш соңында «Мұстафа Шоқай мен Әміре Қашаубаевтың Париж төрінде кездесуі» атты спектаклі сахналанды. Шығармашылық кештен рухани азық жинаған көрермен мерейтой иесіне зор алғыс білдіріп, естелік суретке түсті.

## Талғат Меңдібаев: Бізге зияткерлік бағыттағы ЖОБАЛАР ЖЕТІСПЕЙДІ



**Жастар саясатын жаңғырту – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде жүзеге асып жатқан саяси реформаның негізгі бағыттарының бірі. Бұл бастама көпшілік қолдауына ие болып отыр. Өйткені болашаққа алаңдайтын әрбір саналы адам жастар саясатына бейжай қарамауы керек. Сыр жастарының арасында да дарынды әрі талантты, қабілетті әрі шығармашыл ұл-қыздарымыз көп. Сол әлеуетті орнымен ұтымды пайдаланып, халыққа паш ету үшін ең алдымен қажетті жағдай жасау қажет.**

**Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»**

Жақында ғана өткен XI облыстық азаматтық форумда «Кітап құрттары» қозғалысының лидері Талғат Меңдібаев жергілікті атқарушы билік пен азаматтық қоғамды жастардың тіркелмеген азаматтық бастамаларын назарға алуға, зияткерлік және ғылыми бағыттағы жобаларға көңіл бөлуге шақырған болатын. Осы бағыттағы бірқатар жобаларға бастамашы болып жүрген қоғам белсендісімен жастар саясатының жай-жапсары туралы пікірлескен едік.

– Жастар саясаты негізінен азаматтық қоғам арқылы іске асады, – дейді Талғат Меңдібаев. – Сондықтан, азаматтық қоғамның даму индексін арттыру – елдің тұрақты дамуының кепілі. Қазіргі таңда елімізде азаматтық қоғамның белсенділігі арқасында көптеген мәселе шешімін тез табуда. Бірақ азаматтық қоғам деген түсінікті көбінесе белгілі бір жобаларды жүзеге асырушы ұйымдармен байланыстырады. Мысалы, қоғамдық бірлестіктер мен қоғамдық қорлар. Үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік тіркеуден өтіп, құжатын алуы оны қоғамдық ұйым етпейді. Сонымен қатар көп қоғамдық бірлестіктер өздеріне қаражат бөліп немесе басқаша қолдау білдірген мемлекеттік мекемелермен және бизнес өкілдерімен жақсы қарым-қатынас құрып, азаматтық қоғамның негізгі мақсатына қарама-қарсы әрекет жасауда. Осы орайда азаматтық қоғамның өкілі ретінде форумда жастар арасында зияткерлік жобаларға көңіл бөлінуі керек екені туралы ұсыныс айттым.

Жалпы салада көңіл көншітпейтін нәрселер баршылық. Мысалы, биыл елімізде жастар ресурстық орталықтарының құрылғанына 10 жыл. Осы уақыт ішінде жастар ресурстық орталықтары мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың негізгі институционалдық бөлігіне айналды. Дегенмен қазір жастар орталығының қызметкерлерге жалақы төлейтін бюджеті ғана бар.

Оған қоса, жастар саясатын іс-шаралар өткізу деп түсінетіндер бар. Бірақ жастар саясаты мақсатты түрде индикаторларға бөлінуі керек. Облыста 70 мыңдай жас бар. Барлығымен жастар орталығы жұмыс жүргізе алмайды. Қызметкерлерінің айлығы да төмен. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ҚР Мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңындағы тұжырымдамалық өзгерістерге қол қойды. Өткен жылы 28 ақпаннан бастап аталған Заң өз күшіне енді. Енгізілген өзгерістер аясында жастар категориясы 29-дан 35 жасқа дейін ұлғайтылды. Осылайша мемлекеттік жастарды қолдауға бағытталған бағдарламаларды пайдаланатын жастар саны 3,4 млн-нан 6 млн-ға дейін көтерілді. Осы шаралар аясында жастар орталығы қызметкерлерінің айлығын көтерсе де жақсы болар еді. Сондай-ақ жастар басқармасын қайтару керек деп ойлаймын. Жастар саясатымен қазіргідей қоғамдық даму басқармасының бір бөлімі емес, дербес мемлекеттік мекеме айналысқаны жақсы.

Ал жастардың өзіне келер болсақ, жұмыссыздық мәселесі түбегейлі шешімін таппай отыр. Күрмеуі қиын түйткілдің түбін қазбаласақ, мектепте кәсіби бағдардың дұрыс болмауы шығады. Көбіне мамандықты ата-ана таңдайды, болмаса ҰБТ-дан алған балы шешіп кетеді.

Қарапайым ғана мысал. Бір жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі мамандығына түсетін адам болмай қалды. Сол кезде келесі жылы бір бала түссе де группа ашып оқытамыз деді. Сондай-ақ профицит мамандықтар да бар. Мысалы, облыста төрт бірдей медицина колледжі бар. Жылына орта есеппен 2 мың адам бітіреді. Барлығы фельдшер немесе медбике. Оның бәріне мамандығы бойынша жұмыс табылмайды. Сондықтан осы мамандық профициттерімен, кәсіби бағдар берумен жұмыс істеу керек деп ойлаймын.

Жалпылама алғанда, мемлекет көлемінде жастар саясаты қанағаттанарлық емес. Дегенмен белсенді жастарға мүмкіндік көп. Талантты жастарымыз түрлі жобаларға қатысып, өз бастамасын жоба ретінде қорғап, қолдау табуда. Республика көлемінде «Тәуелсіздік ұрпақтары», басқа да ауқымды жобалар бар. Облысымызда бұрын мектеп жасындағы балаларды ғылымға ынталандыруға бағытталған «Жас ғалымдар» деген жоба бар еді. Кейін өзгеріп кетті. Өзгешелігі көп, форматы мүлдем басқаша HACKATHON IT жобалар байқауы, цифрлық салаға қызығушылық танытқан жастардың басын қосқан «Innofest» инновациялық идеялар фестивалі, білім, ғылым, кәсіпкерлік, ішкі туризмге қатысты түрлі тақырыптар бойынша жастарды еркін пікір алмасу аймағына шоғырландырған «Pecha-Kucha» жобаларын айтуға болады. Олар қатысқан әрбір жасқа мотивация бере білді деп ойлаймын. Осындай игі шаралардың ауқымын кеңейткен дұрыс.

Себебі, жастарымыздың Жайдарман ойнап, дебат өткізуінің кемі жоқ. Би билеп, ән айтып та болдық. Бұл бағыттағы іс-шаралар әбден жолға қойылған, ендігі өз жалғасын таба береді. Бізге зияткерлік бағыттағы жобалар жетіспейді. Үлкен қалаларда ондай жобалар өте көп. Сенбі-жексенбі сайын кафе-барда жастар жағалай топтасып, өздері де өткізе береді. Мысалы, жуырда ғана тұңғыш рет 1000 жас қатысқан «Quiz» ойыны өтті. Талайды таңдандырған сайыс Қазақстанның рекордтар кітабына енді. Астананың өзінде 2 қазақша, 3 ағылшын, 6 орыс тілінде «Quiz» ойындары тұрақты ұйымдастырылады екен. Бәрінің мақсаты бір – жастардың ой-өрісін, білімін жетілдіру, бос уақытын тиімді өткізуге жәрдемдесу.

Бізде ғана ондай нәрсе жоқтың қасы. Үш жыл бұрын өзіміз бастамашы болып, белгілі кәсіпкер Мағжан Ералиевтің демеушілігімен «AQYL-BATTLE» республикалық сайысын өткізгенбіз. Кейін ол тренд болып кетті. Ауылдарда, аудандарда, мектептер арасында әртүрлі форматта өтті. Сондай-ақ, былтыр басқарма тарапынан қолдау көрсетіліп, еліміздің түкпір-түкпірінен 20 команда қатысқан «IQ-orda» республикалық зияткерлер сайысы өтті. Қазіргі таңда білім басқармасы, облыстық телеарна, жастар орталығы мен Қорқыт ата атындағы университет бірлесіп «Зияткер» деген жоба бастадық. «Қызылорда» телеарнасында әр сенбі сайын 11 сынып оқушылары арасында өтеді. Жеңімпазға университет гранты беріледі.

Бір сөзбен, осындай зияткерлік жобаларды көбейту керек деп ойлаймын. Себебі, ақылды адамдардың басын қосқаннан ұтарымыз көп. Мысалы, қазір біз жоғарыда атап өткен IT-стартап жобалардың өз қауымдастығы, ортасы бар. Бір-бірін айтқызбай түсінеді. Бірлесіп өз жобаларын одан әрі дамытуда.

85 JYL QYZYLORDA OBLYSYNA

## МАШИНА СЫНАУ СТАНЦИЯСЫ

Қызылорда мемлекеттік аймақтық машина сынау станциясы 1958 жылы Сырдария машина-трактор станциясының базасында құрылған. Ол отандық және шетелдік күріш егу мен жинауға арналған машиналарды, сонымен қатар жартылай шөлейтті жерлерде мал шаруашылығындағы ауыр жұмыс процестерін механикаландыру машиналарын сынауға арналған. 1960 жылы станция жұмысшылары мен қызметкерлерінің саны 15 адам еді. Онда типтік зертханалық корпус, машина жөндеу шеберханасы және басқа да өндірістік объектілер болды.

Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1960 жылғы 19 қарашадағы бұйрығына сәйкес Сырдария трактор жөндеу станциясы таратылып, Қызылорда мемлекеттік аймақтық машина сынау станциясының қарамағына берілді. Осы кезеңде станция машиналарды сынаумен қатар тракторлар мен ауылшаруашылық техникаларына жөндеу жұмыстарын жүргізген. Станцияның негізгі жабдықтаушылары «Қазақсельмаш», «Жамбыл жөндеу», «Таганрог» зауыттары, «Гомсельмаш», «Ульяновск» мекемелері болды. 1962 жылдан бастап станция қаладан 35 шақырым жерде өндірістік және тұрмыстық база құрылысын бастаған.

1963 жылы шаруашылық басшысы – директор, бас агроном, аға агроном, аға инженер, инженер-гидротехник, аға ветеренар-техник, бас бухгалтер, аға бухгалтер, жөндеу шеберханасының меңгерушісі, 6 техникалық қызметкер жұмыс жасады.

Күріш және басқа астық өнімдерін егу, жинау машиналарын, жем-шөп даярлау механизмінің машиналарын сынау, машиналарды экономикалық және агротехникалық бағалау лабораториялары болды. 1966 жылы өлшеу және құралдар лабораториясы ашылды.

1971-1972 жылдары станцияда 250 механизатор дайындалған, 45 машина, оның ішінде 4 шетел машинасы сынақтан өткізілген. Сынаумен қатар мұнда астық, сүт, ет өндіріліп, мемлекетке тапсырылған.

**Облыстық архив қорынан**

### ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН



## Мәнті алыңыз...

Кезінде аудан шаруашылықтары облыстағы «Алтын күз» мерекесін өткізуге қатысатыны естеріңізде болар? Олардың қатарында біздің Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхоз да бар еді. Бір жылы осындай үлкен мерекеге қатысқанымыз есімде қалыпты.

Көпшілікпен бірге Қызылорда қаласындағы орталық алаңға бірнеше киіз үй тігіп, халыққа арзан бағада сатылымға шығаруға бордақылауда тұрған, әрқайсысы баспақтай ірі қойтоқты, бақша өнімдері, жоңышқаны бірнеше көлікке тиеп, артынып-тартынып жеткенбіз. Маған совхоз директоры Шынтас Жалғасбаев аға босаған көліктерге облыстық базадан құрылыс материалдарын тиеп келуді тапсырған еді.

Мерекенің ат жарысынсыз қызығы болмасы анық. Қазалы ауданы Құмжиек ауылы (жаңылсам, кешірім өтінемін) атсейісінің күрең жорғасының мерейі үстем болды. Бұл бір ғажайып көрініс еді. Мойнын бір жағына әнтек бұрып, жал-құйрығы желбіреп, жорғасынан үстіне қойған кеседегі су төгілместей көрінген асыл жануардың әсем тұрпаты көз алдымда әлі тұр. Шеңберді айналып дара шыққанымен қоймай, өзімен жарысқа қатар түскен жорғалардың соңғы легінің алдына түскенде сүйсінбеген жан қалмады. Ал қазалылықтардың көңілі бұл кезде сонауУу зеңгір көкте қалықтап жүрген-тұғын. Жорғаны да, жануардың иесін де алғаш рет көріп тұрсақ та, бауырымыздың тұлпары мәреден келгендей шаттығымызда шек жоқ.

Өрекпіген күйде алаңға, ауылымыздың атынан тігілген киіз үйлерге оралдық. Ас-суға жауапты адамдар майға шайлығып қалған қос ісекті қатарынан сойып, былқытып асып қойыпты. Шынымды айтсам, жарытып ас іше алмадық. Семіз әрі мол ет солайымен желінбей қалды. Әрі-бері алаңда жүрген адамдарды, таныс студенттерді асқа шақырдық, келе қоймады.

Осы мезетте жанына ертіп алған жасөспірім ұлы бар, орта жастағы адам сәлем беріп, киіз үйіміздің ішіне енді. Өзге ұлт өкілі екен. Амандықсаулықтан соң желінбей тұрған, піскен мол етті нұсқап «алуға бола ма?» деп рұқсат сұрады.

Қаншама ас рәсуа болды деп уайымдап тұрған біз қосарласа «ойбай, алыңыз, болмағанда ше?!» десіп шу ете түстік. Мұндай қуанбаспыз. Қуанғанымыздан жілігімен, тұтастай желінбей қалған кесек-кесек семіз қойдың піскен етін су құятын фляггке салып (пакеттің әлі қолданысқа енбеген кезі), жанына көтерісіп, көмектесуге адам қосып жібердік. Бейтаныс жан бізге рахметін жаңбырша жаудырып, мәз болып кетті. Жаңағы ет апаруға көмектескен жігіттер бос флягты арқалап, терлеп-тепшіп келді.

Сәлден соң «Мәнті... свежий, семіз қойдың етінен жасалған мәнті алыңыздар...» деген дауысқа елең ете түстік. Мәссаған! Киіз үйіміздің алдында жаңа ғана бізден піскен ет сұрап алған кісі тұр. Нақтысы, орындықта жайғасып отыр. Жанына ұлы мен келіншегін ертіп әкеліпті. Алдындағы шағын үстелдің үстіндегі дәу табаққа толтыра салынған майы сорғалаған мәнті алыстан аранынды ашады. Бұған қалай шыдайсың?! Лап қойдық. Саудаласпастан сұраған пұлын беріп, таласатармаса алып жатырмыз.

Дәу тегеш әп-сәтте таусылды. Сатушы иек қақты. Баласы мен қатыны тұра жүгірді. Қас-қағымда бірнеше үлкен ыдысқа салынған мәнті жеткізді. Дені сау адамдарға бұл бұйым болсын ба?! Тағы да жылан жалағандай қылдық. Әсіресе, ет апаруға көмектескен жігіттер белсенділік танытты. Екеуі ақшаның бет-жүзіне қарамай беріп, толассыз жеп жатыр. Еңбек солардан қайтты. Қойшы, сатушы кең қалтасын біздің ақшамызға толтырып, қатынбаласын соңына ертіп, әндетіп үйіне кетті. Сонан бері мәнті жесем сол оқиға есіме түседі.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы».**
Қазалы ауданы.


## Простатит, аденома, уретрит, белсіздік пен бедеулік, несеп шығару жүйесінің бұзылуы?!



Құрметті оқырмандар! Еліміздегі ер азаматтарда кездесетін өте күрделі, созылмалы түрдегі Простатит ауруының шешімі табылды! Егер де простатит пен аденома, бедеулік пен белсіздік, несеп-жыныс жүйесінің өзге де бұзылыстары, атап айтқанда кіші дәретке жиі шығу, қуықтың толық босамауы, дәреттің қалып қоюы, зәр сындыру барысындағы ашу-шаншу сезімдері сізге маза бермей қойған болса, әлемнің 32 елінің денсаулық сақтау министрліктері мақұлдаған «ПРОСТАТИНОР» өнімін ұсынамыз. «ПРОСТАТИНОР» әлемдік тәжірибеде мойындалған дәрі-дәрмектің отаны Үндістан елінде шығарылады. Бұл өнімнің бір артықшылығы әрі ерекшелігі фармацевтикалық, химиялық дәрі-дәрмек секілді емес, яғни тек қана табиғи емдік шөптерден біріктірілген күйде парафармацевтикалық бағытта атақты Surya Herbal Limited компаниясының базасында дайындалады.

«ПРОСТАТИНОР» препараты – аты айтып тұрғандай, қуықасты безі қабынып, гормондық теңгерімі бұзылып, жыныстық қатынаста әлсіздікті сезініп жүрген ер азаматтардың мәселесін шешуге арналған өнім.

Егер де сіз жоғарыда айтып өткендей жағдайларды бастан кешіп жүрген болсаңыз, қамықпаңыз! «ПРОСТАТИНОР» препаратын қабылдар болсаңыз, бірінші кезекте толық зәр жолдары мен несеп-қуық жолдарындағы қабынуды тудыратын бактерия, инфекция мен микроорганизмдерді тазалап өтеді, сифилис, гонорея, хламидиоз, трихомониаз деген бұрындары жұқтырған инфекциялық аурулардың қалып қойған қалдығын шығарады.

Мына телефон нөмері бойынша білікті мамандардан кеңес алып, «Простатинорға» тапсырыс бере аласыз: 8 778 021 39 39 немесе **www. saulyktyn-syry.kz** сайты арқылы.
Қазақстан бойынша орталыққа қоңырау шалу, мамандардан кеңес алу, жеткізу қызметі тегін!

**Тиімді ұсыныс!**
«ПРОСТАТИНОР» өніміне **-30%** **жеңілдікпен тапсырыс беріңіз!**

**Банктік қосымшалар арқылы 3-6-12 айға бөліп төлеу мүмкіндігі!**

*Тұтынушы пікірі:*

Армысыздар! Менің аты-жөнім Бейсенов Құрманғали. Қарағанды өңірінен боламын. Өзімнің нәтижеммен бөліскім келіп отыр. Қанша жылдар бойы мазалаған ауруым бар еді. Простатит, аденома дей ма, болған сол. Қанша емделдім. Врачтарғааралдым. Ем алдым. Бірақ көңілден шығатындай нәтиже көре алмадым, шынын айтсам. Операцияға деді, оған операция жасатуға қорықтым. Сосын осы сендердің мына «Простатинор» өнімі жөнінде естіп, уақытында хабарласып, мамандар толық мағлұмат беріп, осы өнімнің екі айлық курсын алып іштім. Қазір шүкір. Анализдерім жақсы шықты. Күндізтүні кіші дәретке жүгірмейтін болдым. Ұйқым тыныш. Қанша болды, қазір ауруым мазаламайды. Сол алғысымды білдіргім келіп жазып отырғаным. Рахмет, сіздерге!

Құрамындағы негізгі белсенді заттар: ешқандай химиялық қоспа жоқ.
Дозасы мен қабылдау мерзімі: 1 айдан жоғары.
Қарсы көрсетілімі: компоненттерге жекелей төзімсіздік.
KZ.16.01.95.003.E.000717.08.18 17.08.2018ж.
ББҚ. Дәрілік зат болып табылмайды.



www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

**Меншік иесі**
СЫР МЕДИА
**жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 22521 Тапсырыс №1854 | Кезекші редактор Ғазиза ӘБІЛДА